



ЖҰМА,
2026 ЖЫЛҒЫ
26 маусым

МЫСТЫ

ӨНІР

АЙМАҚТЫҚ АПТАЛЫҚ
1988 ЖЫЛҒЫ
30 ШІЛДЕДЕН ШЫҒАДЫ

№ 23 (1919)

www.mysty-onir.kz

ОБЛЫСТЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫНА 26 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛЕДІ

Ұлытауда облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында қалалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ауқымды жобаларды жүзеге асыру жалғасуда.

«Қазақмыс» корпорациясы ЖШС құрылтайшысы Нұрлан Артықбаев, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев және Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков негізгі әлеуметтік нысандардың іске асырылу барысын тексерді.

Сапар аясында С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры назарға алынды. Ғимарат күрделі жаңғыртудан өтіп жатыр. Бүгінгі таңда демонтаж жұмысы толық аяқталып, театр терезелерінің ескі жақтаулары мен қасбеті жөндеуде. Қазіргі кезде ішкі әрлеу жұмысы мен шатыр жабынын толық ауыстыруға дайындық жұмысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 5,1 млрд теңге. Ғимаратты толық жаңғырту жұмысына 2026 жылғы желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

Бұдан кейін делегация «Жастар» саябағын жаңғырту жұмысының барысымен танысты. Құны 4,9 млрд теңгені құрайтын жоба аясында

заманауи қоғамдық кеңістік құру көзделген. Оның шеңберінде жаяу серуендеуге арналған жол мен велосипед жолын салу, субұрқақ орнату, балаларға арналған ойын алаңдарын жасау және аумақты көгалдандыру жұмысы қарастырылған. Қазіргі уақытта мердігер ұйым демонтажды аяқтап, абаттандыру жұмысын қолға алуға дайындалып жатыр. Нысанды пайдалануға беру 2026 жылғы қазан айына жоспарланған.

Жұмыс сапары аясында делегация Кеңгір су қоймасының жағалауын абаттандыру барысымен танысты. Жобаның екінші кезеңі «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-ның қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Қаржыландыру көлемі 3,4 млрд теңгені құрайды. Қазіргі уақытта нысанда дайындық және жоспарлау жұмысы атқарылып, құрылыс бригадалары мен арнайы техника жұмылдырылуда.

Құрылыс жұмысы аяқталғаннан кейін жаңа жағалау облыстық мешітпен бірге



қала тұрғындарының демалуына, мәдени іс-шаралар өткізуге және қалалық ортаны одан әрі дамытуға арналған бірыңғай заманауи қоғамдық кеңістікке айналады.

«Қазақмыс» Ұлытау облысының аумағында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған кешенді жұмысын жалғастыруда.

2026 жылдың қыркүйегінде Жезқазғанға балалар мен жасөспірімдерге арналған «NAMYS» спорт академиясы ашылады. Құны 8,1 млрд теңгені құрайтын жоба 5 мың шаршы метрден астам аумақты қамтитын, 150-200 тәрбиеленушіге арналған заманауи спорт кешенін салуды көздейді. Мұнда Ұлытау облысының қалалары мен аудандарынан келген балалар үшін сапалы білім мен

кәсіби спорттық даярлықты ұштастыруға қолайлы жағдай жасалады.

Сәтбаева қалалық аурухананы жаңғырту және оның жанынан травматологиялық пункт салу жұмысы жүзеге асырылуда. Құны 1,8 млрд теңгені құрайтын нысанды 2026 жылғы қараша айында пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар 2,7 млрд теңгеге Кенші даңқы алаңын күрделі жөндеу жұмысы жалғасуда, оның аяқталуы 2026 жылдың қыркүйегіне жоспарланған.

Жобалар компанияның өзіне қатысы бар өңірлерді дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді міндеттемелер аясында іске асырылып, Ұлытау облысы тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

«Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-ның Ұлытау облысында жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобаларының жалпы құны биыл 26 млрд теңгеден асады. Бұл жобалардың іске асырылуы заманауи қалалық инфрақұрылымды қалыптастыруға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және Ұлытау облысы тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Әлеуметтік нысандарды өндірістік бастамалармен қатар дамыту өңірдің тұрақты дамуына, сондай-ақ оның инвестициялық және әлеуметтік тартымдылығын арттыруға бағдарланған компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып қала береди.

«Қазақмыс» корпорациясы ЖШС PR департаменті.



Жоба компания кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту бағдарламасының бір бөлігі болып табылады және жабдықты пайдалану тиімділігін арттыруға, жоспардан тыс тоқтал қалу тәуекелін азайтуға әрі болжамды қызмет көрсету құралдарын дамытуға бағытталған.

Жезқазған байыту фабрикасында жаңғырту жұмысы толық аяқталды. Орташа және ұсақ бөлшектеу бөлім-

ҰСАҚТАУ ЖАБДЫҚТАРЫНА ЦИФРЛЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДЕ

«Қазақмыс» Тобы Жезқазған және Балқаш байыту фабрикаларындағы ұсақтау жабдығын бақылау жүйесін жаңғырту жобасын жүзеге асыруда. Жаңа цифрлық шешім жабдықтың жағдайын нақты уақыт режимінде бақылауға, ықтимал ақауды дер кезінде анықтауға және өндірістік үдерістің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

деріндегі жабдықтардың жұмысы туралы дерек нақты уақыт режимінде бірыңғай диспетчерлік мониторинг жүйесіне түсіп отырады. Бұл жабдықтың техникалық жағдайын жедел бақылауға және оларға қызмет көрсету бойынша шешімді дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Балқаш байыту фабрикасында жоба қарқынды іске асырылуда. Қазіргі уақытта басқару шақфатары құрастырылып жатыр. Одан кейін жабдықты монтаждау, бағдарламалық жабдықтамамы баптау, сондай-ақ электр қозғалтқыштарының температурасы, дірілі мен жүктемесін бақы-

лайтын заманауи бақылау құралы орнатылады. Жобаны аяқтау 2026 жылдың төртінші тоқсанына жоспарланған.

Жоба аяқталғаннан кейін екі фабрикада да ұсақтау жабдығының жұмысына үздіксіз цифрлық мониторинг жүргізіледі. Жүйе механизмдердің жұмысындағы ауытқуды ерте кезеңде анықтауға, ақаудың дамуына жол бермеуге, апаттық жөндеу көлемін азайтуға және жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзартуға ықпал етеді.

Жоба байыту фабрикаларының өндірістік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Себебі ұсақтау жабдығының сенімді жұмысы өндірістік үдерістің үздіксіздігі мен жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына тікелей әсер етеді.

Заманауи цифрлық шешімдерді енгізу өндірістік активтерді жаңғырту бағдарламасының маңызды бағыты болып табылады. «Қазақмыс» жабдықтың сенімділігін, өндірістік қауіпсіздікті және кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған өндірістік мониторинг пен автоматтандыру технологияларын кезең-кезеңімен енгізіп жатыр.

«Қазақмыс» корпорациясы ЖШС PR департаменті.

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ЛАЙЫҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Болашақ зейнетақы деңгейі зейнетақы жинақтарына тікелей байланысты болатын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне кезең-кезеңімен көшу азаматтардың белсенділігін талап етеді.

Жинақтардың өсуін қамтамасыз ету үшін келесі қадамдар маңызды:

● жарналардың толық әрі тұрақты түсін бақылау. Бұны БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте немесе мобильді қосымшасында 24/7 режимінде жасауға болады.

Инвестициялық басқару мүмкіндіктерін арттыру. Салымшылар өз таңдауы бойынша міндетті жинақтарының 50%-на дейін және ерікті жинақтарының 100%-на дейін жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) басқаруға беруге құқылы. Тәуекел деңгейіне, күтілетін кірістілікке, сондай-ақ инвестициялау мерзіміне байланысты ИПБ-ның инвестициялық стратегиясын БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте таңдауға болады.

● мүмкіндігінше ерікті зейнетақы жарналарын

(ЕЗЖ) төлеу. ЕЗЖ-ны өз шотыңызға тек өзіңіз үшін ғана емес, жақындарыңыз, соның ішінде кәмелетке толмаған балаларыңыз үшін де аударуға болады. БЖЗҚ ЕЗЖ-ға арналған шоттарды алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашады. Жұмыс берушілер бұл опцияны әлеуметтік пакетке қоса отырып, өз қызметкерлері үшін ЕЗЖ аударуға болады. Заңнамада ЕЗЖ үшін салықтық ынталандыру амалдары қарастырылған:

● төленген ЕЗЖ қызметкердің табысы болып есептелмейді және қызметкер одан жеке табыс салығын (ЖТС) төлемейді;

● жұмыс беруші қызметкердің пайдасына жасаған ЕЗЖ бойынша шығыстарын шегерімге жатқызады. Салымшы ЕЗЖ есебінен жиналған қаражаттан төлем-

дерді 50 жастан бастап (яғни зейнеткерлік жасқа толмай тұрып) алуға құқылы.

БЖЗҚ ұсынатын сервистердің көмегімен зейнетақыны болжау және жоспарлау. Зейнетақы калькуляторы мен дербес зейнетақы жоспары болашақ төлемдерді есептеуге және жинақтарды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл сервис БЖЗҚ сайтында және мобильді қосымшасында қолжетімді.

Зейнетақы – бұл ұзақ мерзімді қаржылық құрал, оның тиімділігі салымшының белсенділігіне тікелей байланысты. Жинақтарды қалыптастыру мен оларды инвестициялау неғұрлым ерте басталса, жинақтаушы зейнетақы соғұрлым жоғары болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.

«ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

Жезқазған қаласы, Холмецкий көшесі, 20-үйде орналасқан «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 25-бабының 6-тармағына сәйкес тұтынушыларға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2026 жылғы 1 жарты жылдықтағы есептің тыңдауын өткізу туралы хабарлайды, қызмет түрлері:

- жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызметтер;
- жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер;
- тарату жүйелері бойынша су беру қызметтері;
- тарату жүйелері бойынша су беру қызметтері (техникалық-ауыс емес суы)
- ағынды суларды бұру және тазарту бойынша қызметтер.

Тыңдаулар **2026 ж. 24 шілде сағат 15.00-де Жезқазған қ. Холмецкий, 20** мекенжайында, қосымша Facebook әлеуметтік желісі арқылы ресми аккаунттан ([aoptvs_zhez](https://www.facebook.com/aoptvs_zhez)) онлайн тарату режимінде өтеді.

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

«АО «Предприятие тепловодоснабжения», находящееся по адресу: г. Жезказган, улица Холмецкого, д. 20, информирует потребителей о проведении слушаний отчета за 1 полугодие 2026 г об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижения показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами, согласно п.6 ст.25 Закона РК «О естественных монополиях», по видам услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергией;
 - услуги по снабжению тепловой энергией;
 - услуги подачи воды по распределительным сетям;
 - услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода);
 - услуги по отводу и очистке сточных вод.
- Слушания состоятся **24 июля 2026 года в 15.00 часов** по адресу г. Жезказган ул. Холмецкого, 20, дополнительно в режиме онлайн-трансляции, посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта ([aoptvs_zhez](https://www.facebook.com/aoptvs_zhez)).

Открыто наследственное дело после смерти **ЕРМАГАНБЕТОВА КОНЫСБЕКА**, умершего 15 апреля 2026 года.

Всем заинтересованным лицам /наследникам/ можно обратиться к нотариусу нотариального округа области Улытау **Мукшиновой А. Н.** (лицензия № 11003452 КРС и ОПП МЮ РК от 29.12.2011 года).

Офис расположен по адресу: область Улытау, город Жезказган, бульвар Гарышкерлер, 16 «а».

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Кайрат Инирбаевич Ермакбаевтың атына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС № 1, 2, 3 Байыту фабрикасынан берілген рұқсат қағазы (продусной талон) жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институтының байыргы еңбеккері – Жезқазғантүстімет» ҒЗЖИ директоры

Юрий Николаевич ЛИТВИНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты институт ұжымы марқұмның отбасына, туғандарына және жақындарына орны толмас қазаға қайғырып көңіл айтады.

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 07 шілдесінен бастап «Скальные кен орнының солтүстік-шығыс капталындағы құрылыс тас қорын (шегінді жыныстарды) игеру бойынша тау-кен жұмыстарының салдарын жою жоспары» бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Улытау облысы, Улытау ауданы

УЧАСКЕНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КООРДИНАТТАРЫ:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	47°48'08,33"	67°51'29,64"
2	47°48'25,34"	67°52'05,84"
3	47°48'25,34"	67°52'19,77"
4	47°48'13,72"	67°51'32,97"
5	47°47'56,56"	67°51'35,97"
6	47°47'59,24"	67°51'35,48"

Қоғамдық тыңдаулардың бастамасы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656.

Өкілі: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М., байланыс телефоны: **8 (7172) 557665** (ішкі нөмір: 10894), эл. мекен-жайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Жоба әзірлеушісі: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656.

Өкілі: Баянова Н.Ф., байланыс телефоны: **8(7102)741794**, эл. мекен-жайы: Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және <https://ndbecology.gov.kz> сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде есқертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Улытау облысы, Жезқазған қаласы, Гарышкерлер көшесі 15, «Улытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны **8(7102)-60-02-94**, электронный адрес: ulytau.obl.priroda@mail.ru.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz эл. мекен-жайы бойынша және **8(7102)741794** телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация «Казакхмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений «Плана ликвидации последствий ведения горных работ по отработке запасов строительного камня (осадочные породы) на Северо-восточном фланге месторождения Скальное» с 07 июля 2026 года. Территория воздействия: область Улытау, Улытауский район

ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ УЧАСТКА:

№	Северная широта	Восточная долгота
1	47°48'08,33"	67°51'29,64"
2	47°48'25,34"	67°52'05,84"
3	47°48'25,34"	67°52'19,77"
4	47°48'13,72"	67°51'32,97"
5	47°47'56,56"	67°51'35,97"
6	47°47'59,24"	67°51'35,48"

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казакхмыс», БИН 050140000656.

Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация «Казакхмыс», контакты: тел. **8 (7172) 557665** (вн. 10894), эл. адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация «Казакхмыс», БИН 050140000656.

Представитель: Баянова Н.Ф., контакты: тел. **8(7102)741794**, эл. адрес: Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 10 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: область Улытау, г. Жезказган, ул. Гарышкерлер, 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау», **8(7102)-60-02-94**, электронный адрес: ulytau.obl.priroda@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл. адресу: Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz и по номеру телефона **8(7102)741794**.

МЕНШІК ИЕСІ: «Мысты өңір» газеті редакциясы» ЖШС, ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Кәсіпқорған» салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

МЭ Мысты өңір –
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 1999 жылғы лауреаты
Директор – бас редактор
Бағдат Айтерәулі ҚАЗКЕНОВ

• Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Ақпарат комитетінде қайта тіркелген (20.06.2019 ж.), куәлік №17759-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №859-Г, 16.09.1999 ж.).
• Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Жезқазған қаласы, Бейбітшілік д., 2
Газет тарату бөлімі +7-708-408-22-08
«Типография АРКО» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15

• Көлемі 4 баспа табақ. Таралымы 2200. Тапсырыс № 217
• Газет редакцияның өз компьютер орталығында беттелді.
• Газет Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Улытау, Жаңаарқа аудандарына тарайды.
ИО КЗ61601717100000242
АО «Народный Банк Казахстана»
БИК HSBKZKX, БИН 000240005443. КБЕ 17

– материалдың жариялау ақысы төленген